

12.06.2024
41

Сарыобалы ауылының № 34 негізгі орта мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі психологиялық қызметтің 2023 – 2024 оқу жылындағы жұмыстары бойынша талдамалық есебі.

1. Мектепті 63 білім алушы оқып, аяқтады. 9 сынып комплектісі бар. Педагог-психологтың сүйемелдеуіндегі сыныптар саны 7.

Психологиялық қызметтің жалпы мақсаты:

Мектепте қолайлы әлеуметтік-психологиялық климат құру және оқу процесіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету арқылы оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтауға ықпал ету.

Міндеттері:

Педагогтерге әлеуметтік-психологиялық диагностика негізінде білім алушылармен жеке жұмыс жасаудың тәсілін ұйымдастыру процесінде көмек көрсету, оқу – тәрбие процесіне қатысушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына жәрдемдесу, олардың өзін-өзі дамытуына, өзін-өзі тәрбиелеуіне, психологиялық тұрғыдан көмек көрсету және ақпараттық қоғамның жылдам дамуына олардың табысты әлеуметтендіру қабілетін қалыптастыру.

Ата-аналардың психологиялық білімдерін ағарту және кеңейту. Жеке тұлғаны қалыптастыру кезіндегі жанұяның атқаратын ролін анықтау, психологиялық қолдау білдіру.

Білім беру мекемесінің психологиялық қызметі туралы ақпараттық анықтама:

Педагог-психологтың аты-жөні	Мамандығы бойынша базалық білімі	Осы мекемеде қай жылдан бері педагог-психолог болып жұмыс жасайды	Жұмыс өтілі		Жүкт емесі	Біліктілік санаты	Аттестациядан соңғы өткен жылы	Соңғы біліктілікті арттыру курсы	Жеке почта ұялы телефоны
			Жалпы пед	қызметтік					
Искакова М.К	Жоғары	2022 жылдан	19	2	1ст	жоқ	жоқ	01-05.04.2024 №004 1340 «Өркен» ғылыми-практикалық институты	maira.duman@mail.ru

1-сынып білім алушыларымен жүргізілген жұмыстар

2023-2024 оқу жылында 1 сыныпқа 8 оқушы қабылданды. Оның 4-і қыз бала, 4-еуі ұл бала. Білім алушылардың денсаулығы жақсы. 5 оқушы 2014 жылы туылған, 8 оқушы 2015 жылы туылған, 1 оқушы 2016 жылы туылған. Оқушылармен мектепке бейімделу кезеңінде түрлі психологиялық ойын жаттығулар мен зерттеу жұмыстары жүргізілді. К.Ийрасик тесті алынды. Мақсаты: баланың мектепке психологиялық дайындығын, қабілетін, әлеуметтік дамуын анықтау. Қорытындысы бойынша 5 білім алушының мектепке психологиялық дайындығы жоғары деңгейде, 10 білім алушының мектепке психологиялық дайындығы орташа деңгейді көрсетті. Сыныптың жалпы мектепке бейімделу деңгейі жоғары деңгей 33%, орташа деңгей 66% көрсетті. Лабиринт әдістемесі арқылы оқушылардың оқу түрткісі анықталып, қорытындысы шықты. 21% оқушының ойын әрекеті әлі басылмаған, оқуға қызығушылығы қалыптаспаған. А. Банков тесті бойынша оқушылардың ой-өрісінің даму деңгейі анықталды. 53% жоғары деңгей, 34% орташа деңгей, 13% төменгі деңгейді көрсетті. «10 сөз әдістемесі» арқылы оқушылардың есте сақтау қабілетінің деңгейі анықталды. Жоғары деңгей 66%, орташа деңгей 34% көрсетті. «Коррекатуралық байқау» әдісі арқылы зейіннің шоғырлануы, зейін қою қабілеттері тексерілді. Бұл тапсырмада оқушылардың тез шаршайтындығы, назар аудармайтындығы байқалды. Сыныпта 6 білім алушы тапсырманы табанды түрде орындап шықты. Оқушылармен қолға арналған жаттығулар, серігіту жаттығулары, «Алманы үзіп ал» жаттығуы, «мейірімді жануар», «орамжапырақ дайындаймыз» жаттығулары жүргізілді. Педагогикалық-психологиялық қызметті автоматтандыру жүйесі негізінде арнайы бағдарлама арқылы білім алушылардан мектепке деген қызығушылығын анықтау мақсатында Лусканова тесті алынды. Тест 10 сұрақтан тұрады мектеп психологының көмегімен білім алушылар сұрақтарға жауап берді. Сауалнама қорытындысынан білім алушылардың сабаққа қуана келетіндіктерін, мектептің ұнайтындығын, ата-анасымен мектеп жайлы жиі әңгімелесетіндігін, қатал емес мұғалімнің болғанын қалайтындығын, сыныпта достарымен тату екендіктерін көруге болады. Мектептік үрей, мазасыздық жолдарының алдын-алу, сыныпта оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасын нығайту мақсатында психологиялық ойын жаттығулар, сабақтар өтіп тұрды. Оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасы жақсы. Бір-біріне көмекке даяр тұрады. Мұғалімнің қойған сын-ескертпелерін лайықты түрде қабылдайды. Сыныпта өз эмоцияларын игере алмайтын оқушылар да кездеседі. Бар назарды шоғырландыруды, тыныштық сақтауды немесе қозғалысты шектеуді қажет ететін жәйттерде өзін-өзі басқара алмай кететін оқушылар да бар. Осындай оқушылармен, олардың тәртібін үнемі назарда ұстап, түзету жұмыстарын үнемі жүргізіп отыру қажет.

Мектепалды даярлық тобы балаларымен жүргізілген жұмыстар

МАД тобына оқу жылы басында 7 тәрбиеленуші білім алып, тәрбиеленуде. Оның 3-і ұл бала, 4-еуі қыз бала. Тәрбиеленушілердің барлығы 2018 жылы туған. Қорытынды зерттеу бойынша білім алушылардың Банков тесті арқылы әлеуметтену деңгейі анықталды. Сонымен қатар танымдық деңгейлеріне

зерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеуге 7 білім алушы қатысты. Тәрбиеленушілердің 1ден 20-ға дейін санай білуі, кері санай білуі, 1 мен 10 сан аралығында алып, қосуы, есте сақтау қабілеттері, түстерді тану деңгейі, қоршаған орта бойынша сұрақтарға жауаптар алынды. Сурет бойынша әңгіме құрау, яғни сөздік қорлары тексерілді. Тәрбиеленушілердің жалпы деңгейлері жақсы. 6 суретті көрсету арқылы көру арқылы есте сақтау қабілеттері тексерілді. Нәтижесінде тәрбиеленушілердің 88%-ы оқу материалдарын меңгерген. Тәрбиеленушілердің есте сақтау қабілеттері 85% жақсы екенін көрсетті.

Сонымен қатар тәрбиеленушілердің барлығы түстерді танып, ойлау қабілетіне арналған әдістемелермен жұмыстарды жасап, өздерінің ойлау қабілетінің жоғары екендігін көрсете білді. Тәрбиеленушілердің қабылдау процесін дамытуда «Суреттерде қандай заттар жасырылған?» , «Мұнда не артық?» , «Не жетіспейді?» әдістемелері және «Зоопарк», «Қапта не бар?», «Көңіл-күйімізді көтеру» ойын- жаттығулар, тренингтер жүргізілді. Көрнекі амалдық ойлауын бағалауда «Пішіндерді қиып ал», оқушылардың қысқа мерзімде есте сақтауын анықтауда «Не өзгерді?», «Сурет бойынша әңгіме құра» әдістемелер, ойын-жаттығу, тренингтер жүргізілді.

2-3 сынып оқушыларының оқу мотивациясын тексеру мақсатында «Маған мектепте не ұнайды?» Н.Г.Лусканов сауалнамасы АСПІМ бағдарламасы арқылы жүргізілді. зейінді дамыту және түзетуде «Графикалық диктант», көріп және естіп есте сақтау қабілетін , зейінін анықтауда «Әріптерді жаз», «Суреттегі жасырынған заттар», «Айырмашылықты тап» ойын-жаттығулар, тренингтер жүргізілді. Оқушының отбасымен қарым-қатынасын анықтауда «Менің отбасым» тақырыбында суретті тест алынып , нәтижесінде отбасына деген сыйластық, сүйіспеншілік бар екендігі анықталды. Адамның эго күшінің диагностикасына, оның жағымсыз жағдайларға қарсы тұру қабілетіне, балаға өзінің ішкі дүниесін көрсетуіне және өзін түсінуіне ықпал жасауда «Менің сыныбым», «Жаңбыр астындағы адам» әдістемесі, «Кім екені тап?» ойын-жаттығу, тренингтер жүргізілді. Нәтижесі бойынша оқушылардың хал-ахуалы жақсы, қобалжуы, алаңдаушылығы байқалмады.

4 сынып оқушыларының орта буынға көшетін бастауыш түлектерінің дайындық деңгейін анықтауда «Есте сақтау көлемі» , «Мағыналы есте сақтау», «Жалпылау», «Топтастыру», «Нақтылау», «Салыстыру», сөйлеу қабілетінің дамуы, көріп және есту арқылы есте сақтауды анықтауда бағытталған әдістемелер алынды. Зейінін, қабылдау ерекшелігін, танымдық процестерін дамытуда «Ретімен белгіле», «Байқағыштық», «Сөздерді тап», «Сурет бойынша мақалды тап», «Мюнстербег» әдістемелер, «Кім екенін тап?» ойын-жаттығу, тренингтер жүргізілді.

Оқушының отбасымен қарым-қатынасын анықтауда «Менің отбасым» тақырыбында суретті тест алынып , нәтижесінде отбасына деген сыйластық, сүйіспеншілік бар екендігі анықталды. «Менің сыныбым» тақырыбында әңгімелесу барысында оқушылардың сыныптағы оқушыларға деген көзқарасы жақсы жағынан анықталды.

5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі

Мақсаты:

5-ші сынып оқушыларына орта мектепте оқуға бейімделуіне психологиялық-педагогикалық көмек көрсету.

1. Оқу мотивациясының тұрақтылығын қалыптастыру
2. Балаларда жағымды «Мен» концепциясын, өз-өзін сенімді ұстау дағдысын қалыптастыру және үрей, қорқыныш сезімдерін төмендету.

3. Өздігінен қабылдау, өздігінен ашылу және басқаларды қабылдау негізінде басқа адамдармен қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру

5-сыныпта 6 білім алушы. Оның 4-і ұл бала, 2-уі қыз бала. Қыркүйек, қазан айларында білім алушылармен психологиялық-педагогикалық қолдау жұмыстары жүргізілді. Жұмыс барысында білім алушылардан пәндерге көзқарасы сауалнамасы, оқу мотивациясын анықтау сауалнамасы, қобалжу деңгейін анықтау мақсатында филлипс тесті алынып, қорытындысы шығарылды. Филлипс тесті 8 фактордан тұрады. Әр фактор бойынша балалардың қобалжу, үрей деңгейлері анықталды. Нәтижесінде мектептегі жалпы үрей шкаласы бойынша ең жоғарғы көрсеткіш 18%. Келесі фактор әлеуметтік күйзелісті уайымдау бойынша жоғары көрсеткіш 12%. Сәттілікке қол жеткізудегі қажеттілік факторы бойынша жоғарғы деңгей 12%. Өзін-өзі көрсету қорқынышы 18%. Білімді тексеру жағдайынан қорқынышы 12%. Қоршаған адамдар үмітіне сәйкес келмей қалу қорқынышы 18%. Күйзеліске қарсы тұра алмау факторы бойынша 18%. Мұғалімдермен қарым-қатынастағы мәселелер мен қорқыныштар факторы бойынша 25% жоғарғы деңгей байқалды. Тест қорытындысымен білім алушыларды жеке жеке таныстырып түзету жұмыстары жүргізіліп, кейбір білім алушыларға кеңестер берілді. Сонымен қатар білім алушылардың танымдық қабілеттері тексерілді. Құм терапиясы арқылы білім алушылардың шығармашылық қабілеттері шыңдалып, кейбір мазасыз білім алушыларды тыныштандыруға көмектесті. «Кактус» атты проективті суретті тест жүргізілді. Мысалы «кактус» проективті тестінде білім алушылардың қаншалықты агрессивтілікке бейім екені анықталды. «Түймедақ» әдістемесі бойынша пәнге деген қызығушылығын анықталды. Оқушылар арасындағы қарым-қатынасты анықтау мақсатында «Менің сыныбым» атты суретті тест алынды. Ата-аналарға, пән мұғалімдеріне орта буынға бейімделуде оқушылардың бойында болатын ерекшеліктер туралы кеңестер берілді. «Алақай, мен 5 сыныпта оқимын» тренинг-сабақ өтті. Оқушылардың орта буынға деген бейімділігін, бір-бірімен қарым-қатынасын анықтау мақсатында «5-сыныпта оқыған қызықты ма?» сауалнамасы алынды. Оқушылардың жеке мінезін, қабілетін, ерекшелігін білу мақсатында «Психогеометриялық тест» алынды. «Аяқталмаған сөйлемдер» әдістемесі арқылы оқушылардың қарым-қатынасының және іс-әрекетінің әр түрлі аймағындағы қорқыныштарды анықтау бойынша диагностика жүргізілді. Оқушылардың үлгере алмай жүрген пәндерінен көмек, кеңестер беріліп, жекелей жұмыстар жүргізіліп отырды.

9- сыныппен жүргізілген жұмыстар.

Жеке өмірге қадам басқан оқушы үшін мамандық таңдау мәселесі - ең маңызды кезең болып табылады. Оқушылардың өз бейімділіктері, қабілеттері мен мүмкіндіктері анықтап, болашақтағы білім алу бейімі мен мамандығын таңдау барысында дер кезінде психологиялық көмек көрсетілуі қажет.

9 сынып оқушыларымен мамандыққа икемділігі (Голланд әдісі бойынша), қызығушылықтар картасы «Мен қаладым» саралаушы – диагностикалық сұрақнамасы, «менің таңдауым» сауалнамасы жүргізілді. «Болашақ мамандық туралы қиялдайық» тренингі, «Менің таңдауым» сауалнамасы бойынша оқушылардың бағыт-бағдары анықталды. «Мамандығым-мақтанышым» тақырыбында 9 сынып білім алушыларына кәсіби бағыт-бағдар беру мақсатында ауылымыздағы әр салада қызмет ететін маман иелері және мектебіміздің 2021-2022, 2022-2023 оқу жылындағы түлектері, яғни студенттермен кездесу кеші ұйымдастырылды. Кездесу барысында нейрожаттығулар, жағдаяттық тапсырмалар, ширату тапсырмалары «Өмір.Жар. Дос» тесті, топпен сурет салуарқылы қатысушылар арасында қызықты пікірталас пен ой қозғау жүзеге асырылып жағымды қарым-қатынас орнатылды. Кеш өте әсерлі болды.

04 желтоқсан буллингке байланысты 5-9-сынып оқушыларына арналған сауалнама алынып, барлық 35 білім алушының 34 білім алушысы сауалнамаға қатысты. Сауалнамадағы «Буллинг дегеннің не екенін білесіз бе?» сұрағы бойынша оқушылардың 85% хабары бар, 15% хабары жоқ. «Адамдардың бір-біріне қорлық жасап жатқанына куә болдыңыз ба?» сұрағы бойынша білім алушылар «жоқ» деп жауап берді. «Сен қорқытудың немесе қорлаудың қатысушысы болдыңыз ба?» сұрағы бойынша оқушылар бұндай жағдайлардың бастарына кешпегендігін көрсетті. «Сіздің көзқарасыңыз бойынша кімдер жиі буллингке ұшырайды?» сауалына өз пікірі барлар, әлсіз және қарсы тұра алмайтындар, басқалардан өзін өзгеше ұстайтындар деп көрсетті. «Сіз білім алып отырған мектепте, сыныпта көмекке мұқтаж оқушылар бар ма?» сауалына «иә» -10%, «жоқ» 90% деп жауап берді. «Мұғалімдер тарапынан булинг жасалған кездерді байқадыңыз ба?» сауалына оқушылар бірауыздан «жоқ» деп жауап берді. «Сіздің ойыңызша кім буллингтің алдын алады?» деген сауалға оқушының басым бөлігі «мұғалімдер ұжымы» десе, кейбірі «ата-аналар» деп жауап беріпті. Мектепке оқушылар бір-бірімен агрессиялық қарым-қатынаста болмайды, сыныпта өзара тату екендіктерін сауалнама қорытындысынан көруге болады.

Мектеп психологы мектеп білім алушыларымен "Біз біргеміз, берік іргеміз" тақырыбында тренинг өткізді. Ұзақ уақытқа созылған сабақтар мен зертханалық жұмыстардан кейінгі өткен қызыққа толы ойын-жаттығулары білім алушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Ата-аналармен жүргізілген жұмыстар

Қазан айында жалпы ата-аналар жиналысы өтіп, ата-аналарға мектептегі психологиялық қызмет жұмысының жоспары таныстырылып, соңынан ата-аналардан білім алушыларды психологиялық сүйемелдеу үшін рұқсат қағаз алынды. Ата-аналарға «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында

баяндама жасалып, слайд арқылы түсіндірмен жұмыстары жүргізілді. Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершіліктері туралы жадынама таратылды.

1,5-сынып ата-аналарына мектепке баланың бейімделуіне байланысты «Ата-ана баланың-айнасы» тақырыбында семинар-тренинг ұйымдастырылды. Тренингте ата-аналар түрлі жағдаяттық талдаулар жасап, бала тәрбиесіндегі өз ой пікірлерімен бөлісті. Қызықты ойын – жаттығулар жүргізілді.

«Досболайық» республикалық акция аясында қаңтар айында ата-аналарды педагогикалық қолдау институтының 9-сынып ата-аналары шығармашылық, ынтымақтастық негізінде эмоционалды әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін позитивті қарым-қатынастың тиімді жолдарын іздеуде ата-аналар қауымдастығын біріктіруге бағытталған «Қалаймын», «Жасаймын» челенджіне қатысып домбыра, гитара, күйсандықпен сүйемелдей отыра «Біз сендерге сенеміз» атты өлең жолдарын шығарып ән шырқады. «Әр нәрсенің өлшемі бар» тақырыбында «Қажет пен Қалау» арасындағы тепе-теңдікті қалай сақтауға болады деген сұрақ төңірегінде әдемі әңгіме өрбіп «Тимбилдинг» тренингі «Менің атым Арман» сериалынан «мен математиканы жек көремін» үзіндісі көрсетіліп, жағдаяттық тапсырмалар орындалды. Теріс эмоциямен жұмыс істеу алгоритімі (чек-парағы) ата-анаға жағымсыз эмоциямен қалай күресуге болады және балаға қалай үйрету керексінді тәсілдерді «қажет» пен «қалау» арасындағы қақтығысты шешудің оңтайлы жолдары көрсетілді. Соңынан ата-аналар бірлесе ән шырқап, жақсы көңіл күймен тарқасты.

15-ақпан күні «Даналық мектебі» клубының «Жеңгелер мектебі» жоспары бойынша «Қыз бала білуге тиіс» айдарымен «Мен қазақ қыздарына қайран қалам, жарасып жеңгесімен жайраңдаған» тақырыбында тағылымды шара өтті. Шараға 6 қыз бала өз жеңгелерімен қатысты. Шара барысында таныстыру, қол өнер, ұлттық дәстүрлерден үзінді келтіре отырып тамаша өнерлерін ортаға салды.

28-ақпанда «Нашақорлық және зиянды заттардың алдын алу» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы өтті.

15-сәуір күні Отбасы күніне орай «Отбасы-бақыт мекені» атты ата-аналар семинар-тренингі өткізілді. Мақсаты: ата-аналардың баланың бақытты өмірінің негізі ретінде оның әл-ауқатын қамтамасыз етуге дайындығын қалыптастыру. Отбасында қолайлы климат құру дағдыларын дамыту. Баланың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін жауапкершілікті сезіндіру. Семинар-тренингке ата-аналар ұйымшылдықпен қатысып, бала тәрбиесі жөнінде пікірталас жүргізіп, болашақта осындай қызықты шаралар жиі болып тұруына ұсыныстарын білдірді.

Педагогтермен жүргізілген жұмыстар

Қараша айында әдістемелік кеңесте «Жақсы көңіл-күй жан азығы» тақырыбында тренинг өткізілді. Мақсаты: мұғалімдердің психикалық көңіл-күйлерін көтеру, шығармашылық қабілеттерін бағалай білу, өздеріне құрметпен қарау, ұжымда сыйластық қарым-қатынас орнату.

Ақпан күні өткен Менің бір күнім... (мұғалімнің бір күні) мұғалімдерге арналған тренинг өткізілді. Мақсаты: мұғалімдердің уақытын ұтымды, пайдалы, жоспарлы, тиімді пайдалануына ықпал жасау. Мұғалім өмірінің мектеппен тығыз байланысын түсіну және қолдау білдіру.

Тренинг барысында «Менің бір күнім», «Мектептегі қызықты сәттерім», «Бәрібір де сен жақсысың», «Тығырықтан шығу жолдары», «Өмірімнің жарқын сәттері» тақырыптарындағы жаттығулары жүргізіліп мұғалімдердің көңіл-күйлері көтеріліп, бір-бірімен жылы қарым-қатынас орнатылды. Ортада жағымды психологиялық ахуал орнатылып, жылы лебіздер айтылды. Мұғалімдер өздерінің бір күн бойы бастарынан кешірілетін қызықты сәттерімен бөлісіп, рольдік ойындар жүргізілді. Әртүрлі ситуациялық сұрақтарға жауаптарын беріп, өзара жақын араласу болды.

Сәуір айында «Суицид-тығырықтан шығар жол емес» ақпараттық-көрсетілім жұмыстары жүргізілді. Мақсаты: Суицидтің алдын алуда жасөспірімдермен жүргізілетін психологиялық қызметтің және ата-аналармен жүргізілетін жұмыстарды түсіндіру. Тәрбие мамандарының суицидалдық мінез-құлықтың тәрбие жұмысында алдын алу жүйесін құру туралы түсінік беру. Профилактика барысында жасөспірімдермен жүргізілетін жұмыстың дұрыс бағыттарын көрсете білуге үйрету.

Түсіндірме жұмыстарын жүргізу барысында жасөспірімдер арасындағы суицидтің психологиялық мәні- «көмек айғайы», өзінің қайғысына көңіл аудартуға талпыну. Біздің балалар-өте қызықты тұлғалар, біздің міндет-мұны көріп, оларды есту! керектігі айтылды. Айту керек өмірдің маңыздылығын, мәнділігін.

Жасөспірімдермен жүргізілетін профилактикалық жұмыстың дұрыс бағыттарымен таныстыру.

№34 негізгі орта мектептегі психологиялық қызметінің 2023-2024 оқу жылы бойынша статистикалық есебі (анықтама)

Жұмыс түрлері	Қатысушылар (жұмыс кіммен жүргізілді: оқушылар, ата-аналар, педагогтер)	Іс-шара саны	Қатысушылар саны
Жеке зерттеулер саны диагностика Алғашқы Қайталама	оқушылармен	15	43
	ата-аналармен	6	25
	педагогтермен	3	10

Жеке кеңес берулер саны	оқушылармен	8	45
	ата-аналармен	10	6

	педагогтермен	7	7
--	---------------	---	---

Жеке түзету- дамыту сабақтарының саны	оқушылармен	12	20
	ата-аналармен	0	0
	педагогтермен	0	0

Топтық зерттеулер саны (диагностика) Алғашқы	Оқушылармен	7	35
	Ата-аналармен	1	10
	педагогтермен	2	15
Қайталама	оқушылармен	6	40
	ата-аналармен	1	15
	педагогтермен	1	1

Топтық түзету- дамыту сабақтарының саны	оқушылармен	5	20
	ата-аналармен	0	0
	педагогтермен	0	0

Сабаққа қатысу саны (баланы бақылау, зерттеу мақсатында)	оқушылармен	8	35
	ата-аналармен	0	0
	педагогтермен	6	7

Іс-шаралар	Республикалық, Халықаралық деңгейде	Саны	Қалалық деңгейде	Саны
Конференциялар, семинарларға қатысу саны	Жоспар бойынша Жоспардан тыс	1	Жоспар бойынша Жоспардан тыс	1
Кәсіби шеберлік байқауларына қатысу	Жоспар бойынша Жоспардан тыс	0	Жоспар бойынша Жоспардан тыс	0
Акцияларға қатысу	Жоспар бойынша Жоспардан тыс	1	Жоспар бойынша Жоспардан тыс	1
Жарияланған ғылыми мақалалар саны	Жоспар бойынша Жоспардан тыс	0	Жоспар бойынша Жоспардан тыс	0
Мектепшілік қоғамдық шараларға, консилиумдарға	Жоспар бойынша Жоспардан тыс	3 1	Жоспар бойынша Жоспардан тыс	2

қатысу саны

Конференциялар, семинарларға қатысу саны	Жоспар бойынша Жоспардан тыс	0	Жоспар бойынша Жоспардан тыс	2
Кәсіби шеберлік байқауларына қатысу	Жоспар бойынша Жоспардан тыс	0	Жоспар бойынша Жоспардан тыс	0
Акцияларға қатысу	Жоспар бойынша Жоспардан тыс	0	Жоспар бойынша Жоспардан тыс	0
Жарияланған ғылыми мақалалар саны	Жоспар бойынша Жоспардан тыс	4	Жоспар бойынша Жоспардан тыс	4
Мектепшілік қоғамдық шараларға, консилиумдарға қатысу саны	Жоспар бойынша Жоспардан тыс	5	Жоспар бойынша Жоспардан тыс	2
Педагогикалық кеңестерде сөз сөйлеу саны	Жоспар бойынша Жоспардан тыс	0	Жоспар бойынша Жоспардан тыс	0
Эксперименттік жұмыстарды ұйымдастыру және өткізу	Жоспар бойынша Жоспардан тыс	0	Жоспар бойынша Жоспардан тыс	0
Ата-аналар, педагогтермен өткізген ашық сабақтар, шеберлік	Жоспар бойынша Жоспардан тыс	3 0	Жоспар бойынша Жоспардан тыс	3
Ата-аналар, педагогтермен өткізген семинар саны	Жоспар бойынша Жоспардан тыс	2	Жоспар бойынша Жоспардан тыс	3
Басқа мамандардың сабақтарына қатысуы	Жоспар бойынша Жоспардан тыс		Жоспар бойынша Жоспардан тыс	3
Мектеп сайтында әдістемелік бетінің болуы	жоқ			
Қоғамдастықтармен байланысының болуы	бар			

Мектеп директоры:



Н.А.Ныгманов

Мектеп психологы:

М.К.Искакова

